



Бекітемін «08»

Шенгелді ауылы

Ақбота балабақшасының

менгерушісі

Н.С.Кошакпаева

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған

іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы «Ақбота» балабақшасы

Топ: Ортаңғы «Балапан»

Балалардың жасы 3-4 жас

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту; қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тактар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.

Математика негіздері	«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексازдан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.

	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.
	Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.

негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «» балабақшасы

Топ: «» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене шынықтыру	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындау, денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздің қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылау, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы идеяны бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалардың әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.
	Қазақ тілі	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұнын түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Математика негіздері	Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстырудың бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші заттың қоя қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзындығы бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша сөздерімен белгілеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру, эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттерін (қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді тәжірибесін қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тастармен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша құрастыру.
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым суреттерді жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексازдан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді тәрізді тәттілік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.

	Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішінін пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.
	Музыка	Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұп орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эстетикалық дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «» балабақшасы
Топ: «» орта тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәдениетпен денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардыңсөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздің қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылау.
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы идеяны бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.
	Қазақ тілі	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұнын түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
	Математика негіздері	Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, бір затты екінші затпен қоян қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзындықпен салыстыру.

		бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамамен сөздерімен белгілеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру; эмоционалды интеллектті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді тәжірибесін қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін біріктіріп, құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнау. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тастармен орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша құрастыру.
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым суреттерді жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін қолдану, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.
	Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі ретпен жапсырудан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пішінді жапсыру.
	Музыка	Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоциямен ойнау дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МККК «» балабақшасы

Топ: «» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене шынықтыру	балалардың өз денсаулығына саналы көзқарасын және салауатты өмір салтының
	Сөйлеуді дамыту	Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсіну арқылы, жылдың әр мезгілінің жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін жүйелеу. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жатқа Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.
	Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білу сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, танып секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру
	Математика негіздері	Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы қалыптастыру. Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; Бір затты екіге қойып тұстастыру, биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттар
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларда табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы, табиғат құбылыстары мен өсімдік тіршілігінің байланысы туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Балаларды қыс туралы көркем шығармалармен таныстыру, кітаптардағы иллюстрацияларды ояту. Жанды және жансыз табиғат арасында байланыс орнатуға үйрету (ауа-райы, мезгіл – өсімдіктердің күйі, талдау, жасау
	Құрастыру	Балалардың қарапайым құрылыстарды орындау және тұрғызу қабілеттерін арттыру туралы білімдерін бекіту; Лего конструкторына қызығушылықты оятуды жалғастыру бойынша және үлгі бойынша салуды үйретуді жалғастыру;
	Сурет салу	Балаларға даладағы, ормандағы, ауылдағы қыс мезгілінің суретін сурет арқылы жасау мен ағаштардың суретін салу дағдыларын бекіту. Суретте әртүрлі материалдарды салуды үйреніңіз: түрлі-түсті балауыз қарындаштар, бояу (гуашь) арқылы бейнелену шығармашылық қабілеттерін дамыту.
	Мүсіндеу	Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, балалар заттарды мүсіндеу, тегістеу қабілеттерін арттыру. Түсті ажыратуға және атауға үйрету туралы білімдерін бекіту, контур бойымен заттарды бір немесе екінші қолмен кезекпен балалардың түстер тәжірибесін байыту. Пластининнің кішкене бөліктерін тұтас бөлікке бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру.
	Жапсыру	Бейнені айқын беру үшін сұлбаны кию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. оларды жапсыру; әртүрлі реңктегі қағазды қолдануға ынталандыру. Балаларда: шығармалар саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.
	Музыка	Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтуға Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «» балабақшасы

Топ: «» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	Дене шынықтыру	Кең адым жасап, жүгіру адымы тактісін қол қимылдары мен үйлестіріп жылдам қимылдайтын салған тақтай бойымен қос аяқпен секіреді. Допты жоғары қарай лақтырып, оны поймен алады. Аяқтың ұшымен жүреді, жүгіреді. Допты жоғары қарай лақтырып, оны қос қолымен ұстап, бір құрсаудан екінші құрсауға секіреді. Лақтырады, қағып алады. Футбол. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен допты лақтырады.
	Сөйлеуді дамыту	Сурет бойынша әңгімелейді. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйренеді, Балалар танымал жерлер рөлдерге бөліп ойнайды, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйренеді.
	Көркем әдебиет	Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жадымен жатқа Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.

	Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білу, сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, таныу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
	Математика негіздері	Түрлі заттар тобын қатар қою, үстіне қою арқылы көлемі, саны бойынша салыстыру. Заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», теңбе-тең», «үлкен», «кіші» пайдалануға үйренеді
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінеді.Өр жыл мезгілінің ерекшеліктерін табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады.
	Құрастыру	Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре біледі және онымен ойнай алады. Қиялдау дағдылары қалыптасады.
	Сурет салу	Түстердің үйлесімдігіне назар аударуға үйренеді. Таяқшаларды пайдаланып сурет салуға үйренеді.
	Мүсіндеу	Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін қолданылады. Айналымды қозғалыспен айналыдыру.
	Жапсыру	Саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру. Бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.
	Музыка	Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашық, т.б.)

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы МКҚК «» балабақшасы

Топ: «» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылық қабілетін дамыту. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын меңгерту. Ертегілер, тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дұрыс айтылуын жақсарту. Балалар иллюстрацияларды қарап, өз бетінше әңгімелеу. Табиғат құбылыстарын, тұрмыстық заттар, мамандықтарды білдіретін зат есімдерін білдіретін етістіктермен сөздік қорларын толықтыру.
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, автор сөздерін айту. кейіпкерлердің мінез-бейнесін бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын аяғына дейін баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастау, ынталандыру, белгілі образды сомдауда мүмкіндік беру.
	Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдану. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен сөйлеу дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.
	Математика негіздері	"Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын анықтау. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне-астына қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін анықтау. аласа, жуан жіңішке жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипатын реттіліктері кеңейту.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлықпен қарау, ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзгенің қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөлшектерін құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым

		жасауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің, табиғат туралы суреттердің, заттардың олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалпында дамыту. Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту.
	Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан жапсыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде содан кейін оны желімдеу.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы МКҚК «» балабақшасы
Топ: «» орта тобы
Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 2022-2023 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	Тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Басына қап қойып, тепе-теңдік бойымен жүгіріп, алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. Екі аяқ биіктікке секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуды, 2-ші біріне төменнен лақтыру дағдыларын бекіту.
	Сөйлеуді дамыту	Көктем мезгілі, ұлттық мерекеге байланысты сөздерді түсіну дағдыларын, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін айта алу, сурет құрастыруды дағдыландыру. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дамыту, сипаттай білу дағдыларын дамыту.
	Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалардың әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар айтуға үйрету.

		Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс сөйлеу мәдениетін дамыту. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін келтіріп айтуды дамыту
	Қазақ тілі	Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс жанаушылық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Сөздік белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеу дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.
	Математика негіздері	Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) салу (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы бойынша тең). Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттары мен реттіліктері кеңейту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, біріктіру. Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы ұзындығы мен салмағы және бірдей заттарды салыстыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру. Заттарды ажыратуға үйрету. Көктемгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің, жаңбырдың дыбысын және оларды ажырата алу дағдыларын дамыту.
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, дөңгелек) қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылық таныту.
	Сурет салу	Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық стильде кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Ою-өрнекші, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы заттық мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды жапсыру дағдыларын дамыту.
	Музыка	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің арқасынан біріне жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау бастау және аяқтау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «»

Топ/сынып: «» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
сәуір	Дене шынықтыру	Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүре отырып, 50 см жоғары көтерілген арқанмен бүйірмен алға еңбектеу. Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бекітіп алу дағдыларын бекіту. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Қимылды ойындар. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін сақтау.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электро-техникалық заттардың атауларын білдіретін сөздерді айта білу. Диалогтік сөйлесімде табиғат туралы әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарқынды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) мезгілін дегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктердің маңыздылығын түсіндіру. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы түсіне отырып, топқа бөліп жұмыс жасау.
	Қазақ тілі	Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білу. Кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Балалардың сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Түсінуді және қолдануды үйрету. Жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қалыптастыру.
	Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортада геометриялық пішіндерін табу. Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, "Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажырату (көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортада бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалар көктемдегі еңбек туралы, дән тұқымымен таныса отырып, бидайдан нан пісіру. Балалар аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен таныстыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді кеңейту.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршық

		тап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қара
	Сурет салу	Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін, тақырыптық суреттерді өз қалаулары бойынша Қылқаламмен сурет салуға және дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, сурет салу. заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жа
	Мүсіндеу	Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы мүсіндеу. Сазбалшықтан, ермексаздан м баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тә көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйр Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
	Жапсыру	Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін оған қызығуш қию тәсілдерін үйрене отырып, қағаз бетіне ұқыпты жапсыра білу. Композицияны қ нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеріп тақырыптық заттарды жапсыр
	Музыка	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұнын мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және біл тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойында қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «»

Топ/сынып: «» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы, 2022-2023 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
мамыр	Дене шынықтыру	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұп) шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттар айналу дағдыларын бекіту. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін, қатысу, қимылды ойындарды қызығып ойнау, күнделікті гигиеналық дағдыларды са. Өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын, салауатты өмір салты туралы тү үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту.
	Сөйлеуді дамыту	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпарат
	Көркем әдебиет	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қы мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдылар аппаратты дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қазақ тілі	Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білу. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемде дағдыландыру. Педагогтің үлгісі бойынша шағынмәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.
Математика негіздері	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең салыстыру, "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру. Балаларды үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы мүмкіндік беру. Уақытты бағдарлау, математикалық ұғымдар туралы білімдерін бекіту.
Қоршаған ортамен таныстыру	Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортамен таныстыру. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау. Білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулу.
Құрастыру	Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі қолдану. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материал тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыруды, пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын меңгерту. Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық таныту.
Мүсіндеу	Сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біле отырып, мүсіндейтін затты зерттеу. Тәсілдерін пайдалана білу. Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту. Қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу. Заттар мен бұйымдарды біріктіріп, жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруді бекіту. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
Музыка	Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын білу. Бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыкалық абырғатты білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.